

AQTÓĠAI AJARY

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

№35 (7924)

Жұма
25 тамыз
2023 жыл

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығады

@ aktogai_red@mail.ru

f www.facebook.com/a.ajary.kz



Президент реформасы – өміршең өзгерістер

ҚР Парламенті палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына

шағын және орта бизнесті қолдауды нығайтуға, ауыл шаруашылығы секторының қарқынды өсуіне басымдық берді. Осымен бірге салық кодексін және өзге де бірқатар мемлекеттік реттеу механизмдерін

түбегейлі түрде қайта құруға назар аударды. Сондай-ақ, халық үніне құлақ асатын мемлекет екендігін тағы да дәлелдеп, тұрғындар

Ел мүддесі бәрінен биік

«Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауын жариялаганы баршаға мәлім.

Жыл сайынғы Мемлекет басшысының дәстүрлі Жолдауын көпшілік әрқашан үлкен үмітпен күтеді. Жолдауда ауқымды мәселелер мен оларды шешуге бағытталған міндеттер бес бағдар бойынша айқындалған. Жолдауда көтерілген қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және қауіпсіздік салаларында қандай мәселе де ел тілегін ескеруден туындап отырғанын әрбір қазақстандық түсінеді.

Жолдауды мұқият тыңдаған біздер елдің алдағы жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық жағдайында оң өзгерістер болатындығына қанық болдық.

«Әрбір отбасы елдің ұлттық байлығын пайдаланудан нақты қайтарым алуға тиіс. Сондықтан, мен жариялаған Балалар жылы аясында «Ұлттық қор – балаларға» атты түбегейлі жаңа бағдарламаны бастау өте маңызды деп санаймын», – деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ұлттық қордың жылы сайынғы инвестициялық табысының 50%-ын 18 жасқа толғанға дейін балалардың арнайы жинақтаушы шоттарына мерзімінен бұрын алу құқығынсыз аудару ұсынылады.

Президент ел экономикасын жетілдіруге, инфрақұрылымды дамытуға,

көтерген әлеуметтік маңызды салаларға да тың серпін беретін жобаларды ұсынды.

Тағы бір жағымды жаңалық, балабақша тәрбиешілеріне бағытталды. Тәрбиешілердің артық жүктемесі көптігін тілге тиек еткен Мемлекет басшысы тәрбиешілерді аттестациялаудан өткізіп, жаалақысын арттыру қажеттігін айтты.

Жолдауда көзделген мәселенің бәрі халықтың көкейіндегі сауалдарға дөп басып жасап бергендей болды. Жолдауда ұсынған реформалардың барлығы – жаңа жағдайда еліміздің дамуына тың серпін беретін озық әрі дер кезінде қолға алынған шаралар. Жолдау еліміздің одан әрі дамуының бағытын айқындайды. Мемлекет басшысы өз Жолдауында су ресурстарының тапшылығы, жол жөндеу, ауылдағы медицинаны дамыту, пайдаланылмай жатқан жерлерді қайтару және басқа да халықты толғандыратын өзекті мәселелердің барлығын қамтыды.

Президент ауқымды саяси өзгерістерді ашықтық, әділдік және өзара сенім арқылы жүзеге асыру аса маңызды екенін еске салды. Жалпы, Мемлекет басшысының Жолдауы ел дамуы үшін алдағы уақытта атқарылатын жұмыстарға айқын бағыт-бағдар іспетті.

М.Құлымжанов,
зейнеткер,
Ақтоғай ауылы.

Халық үніне құлақ асатын мемлекет

Атқарылған жұмыстар пысықталды

«AMANAT» партиясының жұмысы жылдан-жылға дамып, еліміздегі ең ірі, ықпалды саяси күш ретінде бұлжымас қағидаларын, саяси мақсаттары мен заманауи бағыт-бағдарын айқындады. Қазіргі күні ел арасында жүріп көптеген мәселелердің он шешімін табуда. Күні кеше аудандық Мәдениет үйінде «AMANAT» партиясы Ақтоғай аудандық филиалының атқарушы хатшысы Төлеген Таукеевтің төрағалығымен аудандық филиалдың кезекті XXXVII есеп беру сайлау конференциясы өтті.

Аталған конференцияны «AMANAT» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Төлеген Таукеев



– 2022 жылы партияның ауыл шаруашылығы қоғамдық бөлмесінде 92 қабылдау өткізіліп, 172 адам қабылданса, 2023 жылда 28



жүргізді.

Конференцияға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Адамбеков Тілектес Серікбайұлы және Шапақ Унзила Шапаковна, сондай-ақ, аудан әкімінің орынбасарлары, ақсақалдар алқасы, аудандық мәслихат депутаттары, бастауыш партия ұйымдарының төрағалары, мекеме, бөлім басшылары және қоғамдық ұйым өкілдері қатысты.

Конференцияда «AMANAT» партиясының аудандық филиалының атқарушы хатшысы Т.Таукеев партия филиалының 2022-2023 жылдар аралығында атқарылған жұмыстары туралы ақпарат жасады.

– 2022 жылы партияның ауыл шаруашылығы қоғамдық бөлмесінде 92 қабылдау өткізіліп, 172 адам қабылданса, 2023 жылда 28 ауыл шаруашылығы саласының дамуына серпін беру. «Ауыл Аманаты» бағдарламасы арқылы ауыл халқының табысын арттыру мақсатында Жамбыл облысы бойынша қазіргі кезде «Сарыарқа» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясына 652,610 млн. теңге несиеге 72 өтінім қабылданды. 13 өтінім иесінің құжаттары мақұлданып, бүгінгі күні 167 780 млн. алуға қол жеткізді. Қалғандарының құжаттары қаралу үстінде. Партиялық жобалардан бөлек семинар-тренингтер,

коғамдық қабылдау өткізіліп, 30-дан астам азаматтар қабылданды. Шалғай жерлердегі халықтың мұн-мұқтажын тындау үшін 7 көшпелі қоғамдық қабылдау ұйымдастырылды.

Аудан бойынша «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы «Өзгерістер жолы: әркімге лайықты өмір!» 2021-2025 жылдарға арналған жол картасының жоспарына сәйкес, 64 шара өтті.

«Ауыл аманаты» жобасы – партия ұсынысымен әзірленіп жасалған жобалардың бірі. Бағдарламаның мақсаты – ауыл мен ауыл халқының өмір сүру сапасын арттыру, шалғай елді мекендердегі

қайырымдылық шаралары, байқаулар, кездесулер өтті. Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу, жас ұрпаққа насихаттау мақсатында партияның ұйымдастыруымен ауқымды іс-шаралар жоспарға сәйкес жүргізілді, – деді Т.Таукеев.

Жиында Парламент Мәжілісінің депутаттары ауыл тұрғындары көтерген түйінді түйткілді мәселелерді тындап, шешу жолдарын талқылап, кеңес өткізді. Мұнан соң Парламент Мәжілісі депутаттарының жұмыс сапары одан әрі Құсақ және Абай ауылдарында жалғасты.

Думан ҚАБЫЛ.

Елдік мәселе елдің ортасында талқыланады

Аудан әкімі Руслан Кенжебеков өткен жұмада белгіленген кестеге сәйкес, Айыртас, Қусақ, Абай, Дуанши елді мекендерінде болып, ауыл тұрғындары алдында есеп беру кездесуін өткізді.

Ауыл десең – қазақ, қазақ десең ауыл еске түсетін уақыт қазір. Өйткені, ауыл әр қазақтың алтын бесігі, түпқазығы

десуде аудан басшысы атакәсіпті нәсіп еткен аймақтағы атқарылған жұмыстарды баяндап, елді мекендердің инфрақұрылымын жақсарту мақсатында жүзеге асырылып жатқан ірі жобалар жөнінде айтты.

Ауыл халқы да өз тарапынан жергілікті жердегі шешімін табуды қажет ететін өзекті деген мәселелерді ортаға салды.

орнықты жауаптарға көңіл толтырды. Атқарылған жұмыстарға кеңінен тоқталып, ағымдағы жылы қолға

техникасы бағасының қымбаттауы, интернет желісінің жиі істен шығуы сынды сұрақтар қойылды.

абайлықтар аудан, қалаға апаратын көтерме жолға жүргізіліп жатқан жөнделу жұмыстарының сапасы туралы, мал ұрлығы, интернет мәселесін алға тартты.

Аудан әкімі Руслан Айтықенұлы Қарабұлақ ауылдық округіне қарасты Дуанши елді мекенінде болып, тұрғындармен кездесті. Кездесу барысында тұрғындар тарапынан облыстық маңыздағы автомобиль жолына мал өтетін жол белгісін орнату, мұнай жолындағы су жүретін құбырлар санын көбейтіп, қайта жөндесе деген ұсыныс-пікірлерін білдірді. Көтерілген мәселелер



болған қазынасы. Қазіргі таңда елімізде ауылдарды сақтап қалу, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту өзекті мәселеге айналды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл мен агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте ауыл халқының сексен бес пайызы тұратын тірек

Есеп беру жиынында тұрғындар тарапынан ұялы байланыс мәселесі, автожолдың сапасы, дәрігер маманының жетіспеушілігі, интернет желісінің қалыпты жұмыс жасамауы, мектептің электр желілерін жөндеу сияқты бірқатар маңызды деген сұрақтар көтерді. Аудан басшысы қойылған сұрақтар мен

алынатын жобалармен бөліскен аудан басшысы Р.Айтықенұлы есептік кездесуде айтылатын ұсыныстар мен өтінішарыздарды да назардан тыс қалдырмайтынын айтты.

– Жалпы, ауылдарды дамыту жұмыстары «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында жүргізілуде. Ауылдағы ағайын үшін ең бастысы су мәселесі мен кедергісіз жолдың болуы екені сөзсіз. Сонымен қатар, ауылды дамытуға бағытталған ұлттық жоба аясында елді мекендерде білім беру мен медициналық қызмет көрсету нысандарының заманауи үрдісте жұмыс жасап тұруына да көңіл бөлініп келеді. Елімізде кезең-кезеңімен іске асырылып келе жатқан жобаның арқасында бірінші кезекте ауыл халқының өмір сүру деңгейі жақсарып, тұрмыс-тіршілігі алға басып келеді. Сондай-ақ, ауыл жұрты үшін жұмыссыздық мәселесі әлі де өзектілігін жойған емес, – дейді аудан әкімі.

Кездесуге ауданымызға арнайы іссапармен келген ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Унзила Шапақ пен Тілектес Адамбеков қатысты. Депутаттар өңір халқы алдында сайлауалды бағдарламалардың іске асырылуын талдап, қабылданып жатқан заңнамалық жаңашылдықтармен таныстырды.

Жалпы, аталған елді мекенде жер мәселесі, аудан орталығы мен Балқаш қаласына жолаушылар тасымалдайтын қоғамдық көлік ұйымдастырылса, ауылшаруашылық

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Өділетті мемлекет. Біртұтас ұлт.



Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауы ауылға ерекше серпін берді. Жалпы алғанда, ауыл

бойынша аудан басшысы жауап беріп, тиісті шара қабылданатынын жеткізді.



ауылдарды дамытудың қажет екендігін атап өткен болатын. Тірек ауылдарды дамыту үшін бұл елді мекендерді жолдармен, қолжетімді байланыспен, интернетпен, инфрақұрылыммен қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар, ауыл жұрты үшін заман үрдісінен қалдырмайтын білім, мәдениет және спорт нысандары да қолжетімді болғаны абзал.

Айыртас ауылы тұрғындарымен өткен кез-

ұсыныстарға жан-жақты жауабын беріп, тиісті сала мамандарына мерзімінде орындалуы жөнінде тапсырма берді.

Қусақ ауылдық округіндегі аудан әкімінің кездесуіне келген тұрғындар қарасы көп болды. Ежелден түтіні түзу, тірлігі тиянақты Қусақ ауылындағы есептік кездесу барысында жұртшылық кезекпен көкейіндегі сұрағын қойып, оларға берілген



тұрғындарының негізгі күнкөрісі егіншілік пен мал шаруашылығы. Мұндай қарекет Абай ауылдық округінің тұрғындарында да бар. Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруде алдыңғы қатардағы ауылдардың бірі – Абай. Атқарылған жұмыс, алдағы мақсат-міндеттер сараланған есептік кездесуде

Ақтас. Өңір басшысы Р.Кенжебеков бұқара алдындағы есептік кездесуін тамыздың 24-і күні Қараменде би ауылдық округіне қарасты Ақтас ауылында жалғастырды. Өдеттегідей, Р.Айтықенұлы жалаң ақпар мен етектей баяндамадан бас тартып, аудан көлемінде атқарылып жатқан жұмыстарды

(Жалғасы 3-бетте).

(Соңы. Басы 2-бетте).

нақты сандық көрсеткіштермен қысқа-нұсқа атап өтті. Арық сөйлеп, семіз шыққанды құп көретін аудан әкімі бірден аталмыш ауыл бойынша қолға алынған жұмыстарға қарай ойысты. Атап айтар болсақ, ақтастық ағайынның ғана емес, жалпы аудан жұртының ортақ мәселесіне айналған – сын көтермес жолдың сапасы. Бұл жөнінде Р.Айтыкөнеұлы биыл Ақжарық-Шабанбай би бағытындағы 10 шақырым көтерме жолға асфальт жабыны төселгеннен кейін,

есептік жиын Ақтоғай ауылында жалғасты. Кездесуге жергілікті ауыл әкімі, мекеме, бөлім басшылары және тұрғындар қатысты. Әуелгіде Р.Кенжебеков Ақтоғай ауылының әлеуметтік-экономикалық даму барысына қысқаша тоқталып өтті. Бұдан кейін сөз кезегі тұрғындарға берілді. Аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы С.Сыздықов бірінші болып сөз сөйлеп, аудан басшысына ризашылығын білдіре келе, ауданымыз бен облыс орталығын



осы Ақтас ауылын аудан орталығына жалғайтын жолды да асфальттауды жоспарлағанын айтты. Алайда, жоғарыда атап өткен жөндеу жұмыстары әлі аяқталмағандықтан, әзірше Ақтас көтерме жолын орташа жөндеуден өткізу үшін қажетті сметалық құжаттарды әзірлеп, тиісті сала басшыларына жолдағанын жеткізді. Бұдан бөлек, ежелден қазақтың тарқамас түйткіліне айналған жер мәселесі де қозғалды. Өңір басшысы аталған мәселе бойынша басы өзі болып, ауданның жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Н.Сейітов сынды атқарушы билік өкілдерінен тұратын арнайы комиссия құрып, қазіргі таңда мақсатсыз пайдаланылып өрі игерілмей бос жатқан жерлерді қайтарып алу бойынша ауқымды жұмыстар жүріп жатқанын атап өтті. Шынтуайтында, бүгінде ауылдағы ағайынның алдындағы төрт түлігінің басы өскені себепті жайылымдық және шабындық жер бұқараның бас ауыртатын мәселесіне айналды. Ал, бұл түйінді жергілікті тұрғындар мен әкімдер және шаруа қожалығы жетекшілері ортақ мәмілеге келе отырып шешуі керек. Бұл – аудан әкімінің ұстанған бағыты. Кездесу барысында тұрғындар тарапынан «Аудан орталығындағы сауда орындарында баға үстемелеп қойылады және түбіртек берілмейді» – деген шағымдар айтылды. Бұдан кейін, кезекті

жалғап тұрған күре жолдың жөндеу жұмысы қашан өз мәресіне жетеді деген сауал жолдады. Сонымен қатар, ауылдастардың иек артып отырған күнкөрісінің бір парасы мал шаруашылығы болғандықтан, төрт түліктің де жайы алаңдатпай қоймайды. Үшінші жыл қатарынан қуаңшылық орнап, қос бүйірден қысып тұрса, биылғы мал азығының бағасы жығылғанға жұдырық болып тиюде. Бес саусақ бірдей болмайтындықтан, халықтың да әл-ауқаты әрқилы. Ал, биылғы шөптің бағасын екінші бірінші қалтасы көтермейін деп тұр. Міне, С.Сыздықов осы мәселені аудан басшысының алдына көлденең қойды. Көтерілген мәселелер бойынша аудан әкімі толыққанды жауап қайырды. Өңір басшысы Ақтоғайдан Қарағандыға бағыт алған жолдың біршама бөлігі жөнделіп жатқанын, десе де, сол тас жолды жөндеу барысында қажетті жабдықтар облыс орталығынан тасымалданатындықтан, қаладан ауыр жүк артып алған үлкен көліктер арғы жақтағы жолдарды құртып жатқанын айтты. Және ол тас жолды жөндеуді мойнына алған компанияға ескертілгенін жеткізді. «Ал, қысқы мал азығының бағасын реттеу үшін жергілікті әкімдер сол ауылдық округке қарасты шаруа қожалығы жетекшілерімен жүздесіп, ортақ шешімге келуі керек», – деді.

Е.АЙТЖАН.



Еңбегі елге үлгі болған

Ақтоғай аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі ғимараты қабырғасында ауданның ардақты азаматы, ұлағатты ұстаз Әзібек Смағұловқа арнап ескерткіш тақтайша орнатылды.

Біз өткенге құрметпен қарап, тарихи тұлғаларымызды есте сақтауға міндеттіміз. Олардың өнегелі істерін қастерлеп, үлгі алу, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу жолында қызмет атқаруымыз қажет. Осыған орай, саналы ғұмырын ауданның білім беру саласын дамытуға арнаған ұстаз, білікті ұйымдастырушы Әзібек Смағұловтың есімі ұлықталды. Өзі негізін қалаған Ақтоғай аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі ғимараты қабырғасында салтанатты түрде ескерткіш тақтайша ашылды.

Шараға аудан әкімінің орынбасары А.Аманжолов, облыстың Құрметті азаматы С.Дүйсебеков, ауданның Құрметті азаматы Қ.Садуақасов, еңбек ардагері Т.Ахметбеков, спорт ардагері А.Мұқанов пен марқұмның қызы Г.Смағұлова қатысып, құттықтау сөз сөйледі.

– Туған ел деп тер төксең, еңбек еленбей қалмайды. Әзібек Смағұлов туған өлкеміздің игілігіне адал еңбек етудің өнегесін көрсетіп, жас ұрпақты тәрбиеледі. Ол Ақтоғай аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде ұстаздық етіп, директор қызметін атқарған.

Бала бойындағы ақыл-ойды жетілдіріп, парасатты тұлғаға айналдыруда ұстаздың орны ерекше екендігі сөзсіз. Білім көшін жылжытып келе жатқан ұстаздар қауымына құрмет арта бермек. Бүгінгі өскелең ұрпақты береке-бірлікке, тату тірлікке тәрбиелеп жүрген ардагерлерге айтар алғысымыз көп. Кейінгі ұрпақтың жадында Әзібек секілді елі үшін еңбек атқарған тарихи тұлғалардың есімі мәңгі сақталып қала бермек. Қазақ ССР Халық ағарту ісінің үздігі Әзібек Смағұловтың отбасына осындай игілікті істі қолға алып, үлгілі өнеге көрсеткені үшін аудан әкімдігі атынан ризашылық алғысымызды білдіреміз, – деді шараның мән-маңызына тоқталған аудан әкімінің орынбасары А.Аманжолов.

Мұнан соң аудандық спорт мектебінің негізін қалап, алғашқы директоры болған Әзібек Смағұловтың есімін жас ұрпаққа өнеге етіп, мәңгілік есте қалдыру мақсатында қойылған ескерткіш тақтаны марқұмның зайыбы Мәкила апа мен бауыры С.Дүйсебеков салтанатты түрде ашты.

Д.Амангелдіұлы.

30 тамыз – Конституция күні

Ата Заң – еліміздің тұрақтылығының негізі

Кез келген мемлекеттің ұстанған жолын, ұлтының құндылығын айқындайтын басты құжат – Конституция. Конституцияда мемлекеттік биліктің барлық құрылымдарынан бастап, елдің әрбір азаматының, ондағы ұлттар мен ұлыстардың, әлеуметтік топтардың мақсаттары, міндеттері, құқықтары көрсетіледі. Сондай-ақ, мемлекет өміріндегі бетке алған үдерістер де осы Конституция арқылы реттеледі. 1995 жылы 30 тамызда Бүкілхалықтық республикалық референдуммен еліміздің тәуелсіздігін айқындайтын басты құжат – Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданып, қолданысқа енгізілді. Осы жылдары тәуелсіздігіміздің тірегіне айналған Ата Заң мемлекет пен қоғамда болып жатқан барлық саяси-экономикалық, әлеуметтік реформалардың ілгері басуына, дамудың қайнар бастауына айналды. Әрбір азаматы өзін тең сезінетін, татулығы жарасқан қазақ елінің, Қазақстан халқының қарымды істері бүгінде әлем жұртшылығы үшін үлгі-өнеге.

Конституцияда ешкімді жынысына, нәсіліне, ұлтына,

тіліне, дінге көзқарасына және басқа да жағдаяттар бойынша кемсітуге тыйым салынған. Конституциямыздың басты артықшылығының бірі – ең алдымен, адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтарын мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы, байлығы деп тануында. Ата Заңымыздың 2 бөлімінде аталған басымдықтардың көрініс табуы соның дәлелі.

Барлық қазақстандықтардың мүддесін көздің қарашығындай сақтауға бағытталған Ата Заңымыз еліміздің сот жүйесінің тәуелсіздігін қамтамасыз етіп, судьялардың мәртебесін көтеруге үлкен серпін туғызды. Атап айтар болсақ, сот кадрларын іріктеу Жоғары Сот Кеңесіне берілді. Сот төрелігін тәуелсіз де бейтарап және әділетті жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында қылмыстық сот ісін жүргізуіне алқабилер институты енгізілді, тұтқындауға санкцияны соттың беруі бекітілді. Экономикалық, әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі, әкімшілік, әскери, көмелеттік жасқа толмағандар, аса ауыр қылмыстық істерді қарайтын мамандандырылған соттар

құрылып, жұмыс істеулерінің арқасында сот беделі көтеріліп, халықтың сотқа деген сенімі нығая түсті.

Тәуелсіздік жылдарында еліміз саяси тұрақтылықты нығайтудың қиын жолынан өтті. Ендігі кезекте демократиялық құндылықтарды дамытып, жаңа Қазақстанды құруға қадам бастық. Осыған орай, сонғы кезде болған үлкен жаңалықтың бірі, ол – Ата Заңымызға өзгертулер мен түзетулердің енгізілуі. Референдум еліміздің тарихындағы маңызды белес болды. Ата Заңымызға енгізілген өзгерістер елдің қоғамдық-саяси өмірін жаңғыртуға, экономиканы уақыт талабына сай дамытуға, Қазақстан азаматтарының өмір сүру сапасына оң әсер ететіні сөзсіз.

Біздің ендігі парызымыз – ата-бабаларымыз армандап кеткен Тәуелсіздік туын берік ұстап, осы тәуелсіздіктің нышаны іспетті Конституциямызға құнттылықпен қарап, оны өз Отанымызды, тарихымызды құрметтегендей құрметтеу.

С.Жумашкина,
Ақтоғай аудандық сотының судьясы.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Шаруа немесе фермер қожалығын немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурсқа ұсынылатын жер учаскелерінің тізімі. «Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі. Ақтоғай ауданы әкімдігінің кіші акт залында 2023 жылдың 9 қазан күні сағат 15.00-де конкурс өткізіледі. Мекен-жайы: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 4.

№	Жер учаскесінің орналасқан жері (ауылдық округ маңайы, жер учаскесінің лот №)	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандауы	Жалпы ауданы, га жалға беру мерзімі, жылы	Алқаптардың құрамы, оның ішінде				Орташа балл бонитеті	Суммен қамтамасыз етілуі	Өзгеде
				Егістік	Шабындық	Жайылымдық	Басқа алқаптар			
1	Жер қоры лот №104	Мал шаруашылығы	1680,0	15 жыл	206,0		1678,2	5,9000		Қамтамасыз етілмеген
2	Жер қоры лот №106	Мал шаруашылығы	3400,0	15 жыл			3395,0	5,0000		Қамтамасыз етілмеген
3	Жер қоры лот №108	Мал шаруашылығы	1000,0	15 жыл			999,2	0,8000		Қамтамасыз етілмеген
4	Жер қоры лот №109	Мал шаруашылығы	3500,0	15 жыл			3057,0	347,0		Қамтамасыз етілмеген
5	Жер қоры лот №110	Мал шаруашылығы	3000,0	15 жыл			2995,0	5,0000		Қамтамасыз етілмеген
6	Жер қоры лот №111	Мал шаруашылығы	2800,0	15 жыл			2792,0	8,0000		Қамтамасыз етілмеген
7	Жер қоры лот №112	Мал шаруашылығы	2900,0	15 жыл			2898,0	2,0000		Қамтамасыз етілмеген
8	Жер қоры лот №113	Мал шаруашылығы	4000,0	15 жыл			3785,0	2,2032		Қамтамасыз етілмеген
9	Абай ауылдық округі лот №115	Мал шаруашылығы	858,0005	15 жыл			586,1	1,9005		Қамтамасыз етілмеген
10	Қарабұлақ ауылдық округі лот №117	Мал шаруашылығы	1479,1229	15 жыл			1476,0	2,3449		Қамтамасыз етілмеген
11	Қусақ ауылдық округі №118	Мал шаруашылығы	700,0003	15 жыл			700,0003	1,0003		Қамтамасыз етілмеген
12	Қусақ ауылдық округі лот №119	Мал шаруашылығы	1200,0	15 жыл			1197,0	3,0000		Қамтамасыз етілмеген
13	Жер қоры лот №120	Мал шаруашылығы	3500,0	15 жыл			3495,0	5,5000		Қамтамасыз етілмеген
14	Ортадересін ауылдық округі лот №121	Мал шаруашылығы	232,6386	15 жыл			177,587	55,05		Қамтамасыз етілмеген
15	Қызыларай ауылдық округі лот №125	Мал шаруашылығы	633,9205	15 жыл			633,9205	2,9205		Қамтамасыз етілмеген
16	Сарытерек ауылдық округі лот №126	Мал шаруашылығы	275,0000	15 жыл			274,0000	1,0000		Қамтамасыз етілмеген
17	Қусақ ауылдық округі №127	Мал шаруашылығы	4550,4213	15 жыл			4459,0	92,2418		Қамтамасыз етілмеген

ЕСКЕРТПЕ:

Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

1) Конкурсқа қатысуға арналған өтінім; 2) конкурстық ұсыныс.

Конкурстық ұсыныста:

Бизнес – жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылық дақылдарын өңдеп-өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);

2) Шаруашылық ішкілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды орындау;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау

жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныстың беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін – қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу конкурс өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап күнгізбелік отыз күн өткен соң 2023 жылғы 22 қыркүйек сағ. 10.00-ден бастап 2023 жылдың 06 қазан сағ. 10.00-ге дейін 15 жұмыс күні аралығында өтінім қабылдау және тіркеу жүргізіледі. Конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің орналастыру схемасымен жергілікті атқарушы органның интернет ресурсында, ауылдық округтердің және аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің ақпарат бұрыштарынан танысуға болады. Толық ақпаратты «Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-нен мына байланыс телефондары арқылы 8710-37-2-12-92; 2-13-83 алуға болады.

ГУ «Аппарат акима Ақтоғайского района» извещает список не сыгранных лотов в предыдущем конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства

ГУ «Аппарат акима Ақтоғайского района» проводит конкурс по предоставлению земельных участков в аренду для ведения сельскохозяйственного производства, который состоится 9 октября 2023 года 15.00 ч., по адресу: Карагандинская область, Ақтоғайский район, село Ақтоғай, улица Ә.Бөкейхана, 4, здание акимата района, малый актовый зал.

№	Направление от ближайшего населенного пункта земельных участков, № лот)	Сельскохозяйственная специализация региона	Общая площадь	Срок аренды лет	Сельхоз угодия в.т.ч.				средний балл бонитета	Водообеспеченность	Другие
					Пашня	Сенокосы	Пастбища	Другие угодия			
1	Земли запаса лот №104	Для животноводства	1680,0	15 год	206,0		1678,2	5,9000		Необеспечен	
2	Земли запаса лот №106	Для животноводства	3400,0	15 год			3395,0	5,0000		Необеспечен	
3	Земли запаса лот №108	Для животноводства	1000,0	15 год			999,2	0,8000		Необеспечен	
4	Земли запаса лот №109	Для животноводства	3500,0	15 год			3057,0	347,0		Необеспечен	
5	Земли запаса лот №110	Для животноводства	3000,0	15 год			2995,0	5,0000		Необеспечен	
6	Земли запаса лот №111	Для животноводства	2800,0	15 год			2792,0	8,0000		Необеспечен	
7	Земли запаса лот №112	Для животноводства	2900,0	15 год			2898,0	2,0000		Необеспечен	
8	Земли запаса лот №113	Для животноводства	4000,0	15 год			3785,0	2,2032		Необеспечен	
9	Абайский сельский округ лот №115	Для животноводства	858,0005	15 год			586,1	1,9005		Необеспечен	
10	Карабулакский сельский округ лот №117	Для животноводства	1479,1229	15 год			1476,0	2,3449		Необеспечен	
11	Қусақский сельский округ №118	Для животноводства	700,0003	15 год			700,0003	1,0003		Необеспечен	
12	Қусақский сельский округ лот №119	Для животноводства	1200,0	15 год			1197,0	3,0000		Необеспечен	
13	Земли запас лот №120	Для животноводства	3500,0	15 год			3495,0	5,5000		Необеспечен	
14	Ортадересинский сельский округ лот №121	Для животноводства	232,6386	15 год			177,587	55,05		Необеспечен	
15	Қызыларайский сельский округ лот №125	Для животноводства	633,9205	15 год			633,9205	2,9205		Необеспечен	
16	Сарытерекский сельский округ лот №126	Для животноводства	275,0000	15 год			274,0000	1,0000		Необеспечен	
17	Қусақский сельский округ №127	Для животноводства	4550,4213	15 год			4459,0	92,2418		Необеспечен	

(Жалғасы 7-бетте).

Жалпыға бірдей декларациялау – заман талабы



Тіліші: – Д.Берікұлы, активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны кімдер тапсырады? Кезең-кезеңімен атап өтсеңіз?

Д.Дүйсетаев: – 2021 жылғы 1-қаңтардан бастап, яғни, 1-кезең бойынша декларацияны жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғалар және олардың жұбайлары, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғалар және олардың жұбайлары, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген тұлғалар мен олардың жұбайлары тапсырады. Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық ҚРЗ және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Сақтандыру қызметі туралы», «Бағалы қағаздар нарығы туралы» ҚРЗ сәйкес ұсыну міндеті жүктелген тұлғалар да 1-кезеңге жатады. 2023 жылғы 1-қаңтардан бастап (2-кезең) декларацияны мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері және олардың жұбайлары, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жұмыскерлері және олардың жұбайлары тапсырады. Ал, 2024 жылғы 1-қаңтардан

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес, 2021 жылдың 1-қаңтарынан бастап, Салық кодексінің «Жалпыға бірдей декларациялау» 71-тарауы қолданысқа енгізілді. Елімізде жалпыға бірдей декларациялау кезең-кезеңімен жүргізілуде. Жалпыға бірдей декларациялау төңірегінде халыққа заңдылық жолдарын түсіндіру үшін Ақтоғай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Дүйсетаев Дархан Берікұлымен сұхбаттасқан едік.

бастап (3-кезең) декларацияны заңды тұлғалардың басшылары, құрылтайшылары (қатысушылары) және олардың жұбайлары, жеке кәсіпкерлер және олардың жұбайлары тапсырады. 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап (4-кезең) декларацияны халықтың

тірмей, электронды түрде 15-қыркүйектен кешіктірмей тапсыру керек. Мемлекеттік лауазымға немесе оған теңестірілген функцияларды орындау мен байланыстылауазымға үміткерлер және олардың жұбайлары үшін «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы



қалған санаттары ұсынады.

Тіліші: – Декларацияны тапсыру мерзімі қандай және оны электронды түрде тапсыруға бола ма?

Д.Дүйсетаев: – 2021 жылы активтер мен міндеттемелер туралы декларация тапсырылғаннан кейін кірістер мен мүлік туралы декларацияны жыл сайын ұсыну бойынша міндеттеме (270.00-нысан) туындайтын болады.

Жеке тұлға мемлекеттік лауазымға үміткер болмаған жағдайда декларацияны тапсыру қағаз тасығышта (мемлекеттік кірістер органдарына келу тәртібімен немесе тапсырыс хатпен пошта арқылы) 15-шілдеден кешік-

іс-қимыл туралы» Заңның 11-бабы, 2-тармағы, 2-тармақшасына сәйкес декларацияны табыс ету мерзімі лауазымға тағайындауға құқығы бар лауазымды адамның (органның) лауазымға тағайындау туралы актісі шығарылғанға дейін (декларация табыс етілген айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша) тапсырылуға тиісті. Электронды түрде «Салық төлеушінің кабинеті» мемлекеттік кірістер комитетінің web-порталы арқылы (cabinet.salyk.kz), «Электронды үкімет» порталы (egov.kz), сондай-ақ e-Salyq Azamat мобильді қосымшасы арқылы ұсынуға болады. Декларацияны уақытылы

ұсынбағаны үшін ҚР ӨҚБТК-нің 272-бабына сәйкес, әкімшілік жауапкершілік көзделгенін естеріңізге саламыз.

Тіліші: – Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны қайда тапсыру қажет, декларацияда көрсетілетін мәліметтер туралы түсіндіріп өтсеңіз?

Д.Дүйсетаев: – Жеке тұлғалар, мемлекеттік қызметшінің жұбайы тұрғылықты жері бойынша тапсырады. Дара кәсіпкерлер және жеке практикамен айналысатын адамдар декларацияны орналасқан жері бойынша табыс етеді.

Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияда шет мемлекетте тіркелген мүлікті көрсету қажет. Бұл толығымен жылжымайтын мүлік, жер учаскелері, жер үлесі, өуе теңіз кемелері, ішкі суда жүзетін кемелер, көлік құралдары, арнайы техника немесе тіркемелер болуы мүмкін. Қазақстан бойынша банктік шоттардағы ақшаны да көрсетудің қажеті жоқ. Қазақстан аумағынан тыс жерлердегі шетелдік банктердегі банк шоттарындағы барлық салымдар бойынша 1000 АЕК-тен асатын қаражатты көрсету керек.

Қазақстан Республикасы аумағынан тыс құрылған заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесін, бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары, инвестициялық алтын, авторлық құқық, зияткерлік меншік нысандары – осының бәрін Қазақстанда да, ҚР шегінен тыс жерлерде де көрсету қажет. 10 000 АЕК мөлшеріндегі шектен аспайтын қолма-қол ақша көрсетіледі. Нотариалды куәландырылған дебиторлық берешек көрсетіледі. Ал, қазақстандық банктерден алынған несиелерді көрсетудің қажеті жоқ. Еске сала кететін бір мәселе бар. Декларациялауға қатысты сауалдар болса, Ақтоғай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының 2-12-70, 2-14-45 байланыс телефондарынан толық ақпарат алуға болады. Бұл үшін біздің қызметкерлер жауап беруге әрқаздайын.

Тіліші: – Сұхбатыңызға рахмет!

**Сұхбаттасқан
Думан ҚАБЫЛ.**

(Соңы. Басы 6-бетте).

ПРИМЕЧАНИЕ

Заявка на участие в конкурсе физических и юридических лиц по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) Заявка на участие в конкурс; 2) Конкурсные предложение.

Конкурсное предложение должно содержать:

Бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовие сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) Обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) Обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур

в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение предоставляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц.

Прием регистрация и заявок на участие в конкурсе проводится по истечении тридцати календарных дней со дня первой публикации извещения о проведении конкурса от 22 сентября 10.00 2023 года до 6 октября 10.00 час 2023 года.

Извещению землеустроительных схем сельхозугодий выставляемых на конкурс можно прочитать на интернет-ресурсе местных исполнительных органов и специальных информационных стендах сельских округов и ГУ отдела земельных отношении, архитектуры и градостроительства Ақтоғайского района Карагандинской области.

Полную информацию можно получить в государственном учреждении «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства Ақтоғайского района». Контактные телефоны: 8(71037) 2-12-92; 2-13-83.

